

# Қазақ Ұлыттық Аграрлық Университеті



---

## Құдыр

Орындаған: Пайзрахманов Д

Тексерген: Серикбаева А

# Бұғылар

- Бұғылар, бітеумүйізділер (лат. *Cervidae*) — жұптуяқтылар отрядына жататын жануарлар тұқымдасы.
- Бұғының отыз түрі бес тұқымдас тармағына бөлінеді: құдырлар; мунтжақтар; су бұғылары; нағыз бұғылар; Америка бұғылары. Бұғы Азия, Еуропа, Америка және Солтүстік Африкада тараған.
- Қазақстанда бұғы екі тұқымдас тармағына жататын төрт түрі (құдыр, елік, марал, бұлан) Алматы, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарының орманды алқаптарын мекендейді.
- Бұғылардың көпшілігі орташа немесе ірі денелі, сымбатты келеді. Барлық түрінің дерлік (су бұғысын қоспағанда) еркегінің тармақтанған сүйекті, қуыс мүйізі болады. Ұрғашысында мүйіз тек солтүстік бұғысында ғана болады. Бұғының мүйіздері жыл сайын қыста немесе көктемде түсіп, қайта өсіп шығады. Өсіп келе жатқан мүйізінің терісінде түгі болады, бірақ ол мүйіздің өсуі тоқтағаннан кейін түсіп қалады. Бұғылар орманда, орманды далада, тундрада, тауда кездеседі. Ағаш, бұта жапырағын, қабығын, шөптесін өсімдіктерді, кынаны, мүкті, т.б. қорек етеді. Ұрғашылары мамыр – шілде айларында бұзаулайды. Бұғының барлығы дерлік кәсіптік маңызы бар аң. Олардың терісі және етін пайдаланады. Теңбіл бұғы мен маралдың еркегінің мүйізінен дәрі жасалады

# Құдыр

- Құдыр ([лат.](#) *Moschus mosciferus*) - құдыр тұқымдас сүтқоректі. Дене Ұзындығы 1 м, салмағы 17 кг тақау. Артқы аяқтары алдыңғыларынан ұзын. Басы кішкентай, құлақтары тік. Мүйіссіз, тұқыл. Аталықтарының ұзын, кайқы азу тістері иек астынан шығып тұрады; жұпар бездері бауырына орналасқан. Шығыс және оңтүстік-шығыс Азияда таралған. [ТМД](#)-де солтүстік аймақта, таулы орманды, ([тайга](#)) жерде кездеседі. [Қынамен](#) қоректенеді. Қараша мен желтоқсанда күйлейді. 1-2 бұзауы болады. Жұпар бездері үшін аулайды.



# Құдыр тұқымдасы (Moschidae)

- (Moschidae) бұғы тәріздес кішкене жануар. Денесінің ұзындығы 90 см, салмағы 15-17 кг-нан аспайды. Реңі қоңыр немесе қоңырша. Мүйіздері болмайды, бірақ аталықтарында таңқаларлық ұзын қылыш тәрізді иілген жоғарғы азу тістері, жоғарғы ернінің астынан 7-9 см, шығып тұрады. 4-5 жыл өмір сүреді. Мойынының астында төменгі жағынан кеудесіне дейін қос ақ жолақ созылады. Дене бүйірлерінің бояуы арқасына қарағанда біраз ақшыл. Бүйірлері мен арқасында ақшыл қоңыр-сары я қызыл қошқыл немесе жирен-сары дақтар шашылған. Бас сүйегі кішкентай, біршама қысқа беті және ми бөлімдері бар. Артқы аяқтары алдыңғыларынан ұзын, ол денесінің артқы бөлімі айтарлықтай шомбал және алдыңғыларынан биік. Тұмсықтарының ұшында танауы айналасында үлкен түксіз алаң бар. Құлақтары үлкен, сырты домалақтанған. Құйрығы өте қысқа. Аяқтарында 4 саусақтары бар: бүйірдегілері (II, V) жақсы дамыған, олардың тұяқтары тек біраз ортаңғы (III, IV) саусақтарынан кіші. Аталықтарының құрсағында күлек қабы аумағында үлкен мускусты без және құйрық безі де болады. Гималай, Индоқытай, Шығыс Азия, Қиыр Шығыс, Монголия және Қытайда таралған. Негізінен қына, бал қарағай, қылқан жапырақтарлары және т.б. қоректенеді. Жыныстық жетілуі 15-18 айында өтеді. Буаздығы 185-195 күнге созылады. Мамыр айында бір, сирек 3 ұрпақ әкеледі.



# Бас сүйегі



# Классификациясы

Құдырды 5 түрге ажыратады

- **Сібір құдыры** (*M. moschiferus moschiferus*) -орналасу аймағы Алтай айғамы
- **Сахалин құдыры** (*M. moschiferus sachalinensis*) - Сахалин аралында мекен етеді
- **Қиыр шығыс құдыры** (*M. moschiferus turowi*) — Сихотэ-Алине мекендейді және батысқа дейін Зеи өзенінің
- **Артикалық құдыр** (*M. moschiferus arcticus*)- Қолыммен және Алдан аймағында мекен етеді
- **Корей құдыры** (*M. moschiferus parvipes*)- Карей түбегін мекендейді

Назар аударғандарыңызға  
рахмет !!!